

4 дәріс. Австрия музейлері

Мақсаты: студенттерге Австрия музейлерінің тарихы, әсіресе, Вена музейлерінің әлем мәдениетіндегі алатын орны туралы оқытып үйрету болып табылады.

Дәріс жоспары:

1. Вена. Өнер тарихы музейі.
2. Лихтенштейн музейі.
3. Китцбюэль Ұлттық музейі

Кілт сөздер: АҚШ, өнер, көркемсурет, музеология, галерея, ЮНЕСКО, ICOM

Вена қаласын Австрия астанасы ғана емес, жаңа типте жұмыс жұмыс жасайтын музейлер орталығы ретінде де қарастыруға болады: Хофбургтер қазынасы орталығы, Бельведер Австрия галереясы, Өнер тарихы музейі, Қолданбалы өнер музейі, Қазіргі заман музейі, Фрейд музейі, Еврей музейі, Музыка үйі, Лихтенштейн музейі.

Вена. Өнер тарихы музейі. Венадағы Өнер тарихы музейі Еуропадағы классикалық өнер туындыларының орталығы. Ол Габсбургтер династиясы, яғни император Рудольф I және эрцгерцог Леопольд Вильгельм коллекциялары негізінде қалыптасқан, келушілер үшін 1891 жылы ашылған, музейдің негізгі ғимараты Мария-Тереза алаңында орналасқан. Музейдің Бас ғимаратында ежелгі Шығыс Египет жинағы, Антикалық жинақ, Кунсткамера, Нумизматикалық жинақ, қолданбалы өнер коллекциялары, картиналар галереясы, нумизматика кабинеті бар. Музейдің бірнеше филиалы жұмыс жасайды: Қазыналар қоймасы, Костюмдер мен экипаждар музейі, Палацо Харрах, Липицанер музейі, Амбрас сарайы, Австрия Театр музейі, XIX ғасыр өнер галереясы, Neue Burg – Нойбург музейі. Neue Burg – Нойбургтың өзі бірнеше музейлерді біріктіретін тарихи-мәдени кешен, оның құрамында Эфесос музейі, Аңшылар сарайы мен Қарулар палатасы, Көне музыкалық аспаптар музейі, Этнография музейі жұмыс жасайды. Хофбург сарайында Қасиетті Рим империясының императоры Оттон I-нің тәжі, қылышы, асатаяғы сақтаулы. Мұнда билік аристократтарының бұйымдары қойылады. Картина галереясында батысеуропалық өнер туындыларының бай коллекциясы сақталған. Әсіресе, Ренессанс дәуірінің итальяндық суретшілерінің, соның қатарында Антонелло да Мессины, Джованни Беллини, Корреджо, Паоло Веронез, Джорджоне, Микеланджело де Караваджо, Якоп Тинторетто, Якоп Бассано, Лоренцо Лотто, Андреа Мантенья, Тициан және Рафаэль туындылары бар. Музейде нидерландылық көркемсурет туындыларының мол коллекциясы сақталған. Үлкен Питер Брейгел жұмыстарының ең ірі коллекциясы осы музейде, соның ішінде «Қардағы аңшылар» деген атпен белгілі «Қыс», «Балаларды жазалау» атты туындылары сақталған. Сондай-ақ Ян Ван Эйк, Рогир Ван дер Вейден, Иеронимус Боск, Рембрандт, Питер Пауль Рубенс туындылары, Ян Вермеердің «Көркемсурет өнері» туындысы сақталған. Басқа мемлекет суретшілерінен Альбрехт Дюрер, Кіші Ганс Гольбейн, Альбрехт Альтдорфер, Лукас Кранах, Диего Веласкес еңбектері

бар. Мүсіншелер, қолданбалы өнер туындыларын сақтаудан да Еуропадағы ірі қор болып саналады. Эрцгерцог Фердинанд Тирольскийдің «Кунскамерасында» орта ғасырлардан бастап XVIII ғасырдың аяқ кезіне дейінгі Еуропадағы ірі өнер мектептері мен өнер бағыттарының туындылары сақталған. Оның коллекциясында шпалер, сүйек бұйымдар, астрономиялық және өлшеуіш қондырғылар жинақталған.

Вена. Лихтенштейн музейі. Лихтенштейн музейі — өте ерекше әрі қызықты музей. Оның негізі Еуропадағы көне ғимараттың бірі Лихтенштейндегі король сарайы және жеке коллекционерлер жинағы негізінде қаланған. Музей қоры 1939 жылы қауіпсіздік мақсатында Вадуцтағы король резиденциясына көшірілген. 2004 жылы музей экспонаттары Венаға қайтарылып, Россаудағы Лихтенштейндер сарайында келушілер үшін ашылды. Қазіргі таңда онда 1500 көркемсурет полотнаны қойылған. Музей залдарында мүсіндер мен қолданбалы өнер туындылары қойылған. Көркемсурет коллекциясында Қайта өркендеу дәуірінен бастап XIX ғасырға дейінгі әртүрлі бағыттары өнер мектептеріндегі шеберлер жұмыстары қойылған. Музейде Рафаэль, Парис Бордоне, Гвидо Рени, Кіші Питер Брейгель, Антонис Ван Дейк, Франс Хальц, Рембрандт, Франческо Айец, Фердинанд Георг Вальдмюллер жұмыстары, Питер Пауль Рубенстің 33 жұмысы сақталған. Музейде мүсіндер жинағы сақталған, оның қатарында Андреа Мантенья, Джамболонья, Антонто Канова еңбектері бар.

Китцбюэль Ұлттық музейі – Картиналар галереясы, Аспалы жолдар музейі, Тау ісі зауыты, Альпі бағы музейлер кешенін қамтитын, әрі бұл музейлерді туризм орталықтарында орналастырған, туризм коммуникациясын қоса дамытып отырған мекеме. Қала тұрғындарының тарихи дәуірлердегі мәдениетін, қолөнерін, ауылшаруашылығы құралдарын, киімдер тарихын, тұрмыстық бұйымдарды насихаттауға бағытталған. Картиналар галереясы Тау шаңғысы курортында орналасқан, экспозициядан атақты австриялық суретші-модернист Альфонс Вальде жұмыстарын тамашалауға болады. Аспалы жолдар музейі Китцбюэль қаласының тау-кен ісі мен тау шаңғысын дамыту жолындағы тарихын экспозициялайды. Тау ісі зауыты Китцбюэльдің құнды тарихи мұрасының бірі, зауыт 1447 жылдан 1926 жылға дейін жұмыс жасаған, Альпі тауының етегіндегі ірі кен өндіру орны болған, 1990 жылы музей ретінде қайта қалпына келтірілген. Альпі бағы — теңіз бетінен 1800 м. биіктікте орналасқан, ландшафттық дизайнға Альпі тауында өсетін 120 гүлді қамтитын «тірі табиғат галереясы».

Сұрақтар:

1. Австриядағы тарихи музейлер.
2. Австриядағы галереялар ерекшелігі.
3. Австрия музейлеріндегі корольдық коллекциялар.

Әдебиеттер:

1. 100 великих музеев мира /сост. М.А. Ионина. - М., 1999.

2. Тельчаров А.Д. Основы музейного дела. Введение в специальность.- М., 2005
3. Калугина Т.П. Художественный музей как феномен культуры. - СПб., 2008.